



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

23 мамыр, 2018

Алматы

Алматыда Еуразия Медиа Форумының ашылу рәсімі өтті

23 мамырда Алматыда мерейтойлық XV Еуразия Медиа Форумының салтанатты ашылу рәсімі болып өтті. ҚР ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев, Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек, ЕАМФ Ұйымдастыру комитетінің төрайымы құттықтау сөз сөйледі.

Еске сала кетейік, Қазақстандағы тәуелсіз диалог алаңы 8 жылдан кейін бірінші рет оңтүстік астанада 22-24 мамыр күндері Алматыдағы The Ritz-Carlton қонақ үйінде өтуде.

XV Еуразия Медиа Форумының тақырыбы - «Эволюцияның 15 жылы: құбылмалы дүние және бізге өзгеріс әкелген әлем», Ұйымдастырушылар осы арқылы ЕАМФ-ның Қазақстан Республикасының шетелдегі имиджін қалыптастыруда тиімді әрі заманауи құрал ретіндегі рөлінің артып бара жатқанын білдіруді мақсат етеді.

Дәурен Абаев ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтауын оқып берді. Елбасы қатысушылар мен қонақтарды мерейтойлық XV Еуразия Медиа Форумының ашылуымен құттықтады. Қазақстан Президенті форумның жыл сайын кең ауқымды мәселелер бойынша ашық әрі тарапсыз диалог жүргізуге дайын медиа саласының кәсіпқойларын жинайтынын атап өтті. «Эволюцияның 15 жылы: құбылмалы дүние және бізге өзгеріс әкелген әлем» атты күн тәртібі форумның рухын дәл көрсетіп тұр. Бұл журналистер мен сарапшылар қауымына ғаламдық ақпараттық кеңістіктегі көкейкесті мәселелер бойынша пікір алмасуға, өз ұстанымын айқындауға мүмкіндік береді.

Нұрсұлтан Назарбаев ақпаратқа қол жеткізудің ашық арналарын жетілдіріп, үздіксіз диалогты қамтамасыз ету қажет деп санайды. Бұл өз кезегінде пайда болған барлық түйткілдерді шешуде ынтымақтастық орнатудың өзекті шарты болып табылады. Қазақстан Президенті журналист мамандығы қоғамға қызмет етудің және жоғары этикалық, моральдық – адамгершілік қасиеттің үлгісі болуы тиіс екеніне тоқталды.

«Еуразия Медиа Форумы – барлық көкейкесті мәселелерді талқылаудың тағы бір мүмкіндігі. Кәсіби құрам мен форумның нәтижелілігі барлық қатысушыларға пайдалы болып табылатын сындарлы пікір және тәжірибе алмасуды қамтамасыз етеді. Барлық қатысушыларға жемісті пікірталас пен жарқын әсер тілеймін» делінген Елбасының құттықтауында.

Дәурен Абаев ақпарат және коммуникациялар министрлігі атынан ЕАМФ Ұйымдастыру комитетінің төрайымы Дариға Назарбаеваға форум үшін ризашылығын білдірді.

Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек 2002 жылы дәл осы Алматыда Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен Еуразия Медиа Форумының жұмысы басталғанын еске салды. Ол форумның бүгінде санқилы замануи түйткілдерді талқылап, Батыс пен Шығысты бір-біріне жалғайтын, танымал диалог алаңына айналғанын атап өтті.

Оның айтуынша, форумның күн тәртібі белгілі журналистер, қоғамдық және саяси қайраткерлер мен сарапшылардың назарында тұратын ғаламдық дамудың көкейкесті мәселелерін қамтиды.

Алматы қаласының әкімі атап өткендей, Еуразия Медиа Форумы танымал сарапшылар алаңы ретінде халықаралық көкейкесті проблемаларды ашық әрі сапалы түрде талқылауға ықпал етеді.

«Жақында өткен Астана экономикалық форумында мемлекетіміздің басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қазіргі заманғы планетарлық дамудың бес мегатрендіне тоқталды. Бұл адам қызметінің барлық саласын цифрландыру, энергетикалық революция, ғаламшардағы халықтың күрт өсуі, урбанизация және ғаламдық еңбек нарығының қарқыны мен сипатының өзгеруі.

Бауыржан Байбек «Біз осы ғаламдық трендтердің әлемдегі белгісіздік ахуалы, өзара сенімсіздік пен фобияның күшеюінде негізгі

факторларға болып жатқанын көріп отырмыз. Тек диалог пен ынтымақтастық болашақ жасампаз әлемнің айқындаушы факторлары болып табылады. Біздің Президентіміздің арқасында бүгінде Қазақстан әлемдегі әртүрлі көкейкесті мәселелер бойынша ғаламдық диалог мекеніне айналды. Еліміз Тәуелсіздіктің бірінші күнінен бастап ғаламдық ынтымақтастық, жариялылық және сенім қағидаларына адалдық танытып келеді. Биылғы форум болып жатқан процестерге қатысты әртүрлі пікірлерді талқылауға, сондай-ақ, түйткілдер бойынша тиімді шешуге ықпал етеді»- деп сөзін түйіндеді.

Форумды ашқан Дариға Назарбаева соңғы он бес жылда әлемнің экономика, технология және ақпаратты жеткізу салаларында күрт өзгергенін атап өтті.

Ол «16 жыл бұрын осынау әсем қаламыз – ғажайып Алматыда біз тұңғыш Еуразия Медиа Форумының жұмысын бастадық. Күні кеше сияқты еді, Бірақ әжептәуір уақыт өтіпті. Сол кезде дүниеге келген балалар қазір жоғары сынып оқушылары. 50 жылдық мерейтойын атап өткендер бүгінде – зейнеткерлер» деді.

Д. Назарбаева өз сөзінде медиаиндустрия мен адамзаттың ғаламдық проблемалары туралы баяндады. Ол Бақ саласының түбегейлі өзгергенін айтты. Өмірімізге i Phone, i Pad дендеп еніп, үйреншікті құралға айналғанын атап өтті. Ал «пейджер» сөзі ұмытылды десе де болады. Дискілі телефонды тек ескі кинодан көресіз. Теледидар жәшігі сұйық кристалды экранға айналды. Ноутбуктардың түр-түрі көз жауын алады. Смартфон - қалтаға сыйып кететін дербес компьютер. Интернеттегі іздеу жүйесі кез келген ақпаратқа жол ашады. Балалар девайстармен бұрын қуыршақпен ойнағандай алданады.

«Бүкіл әлемде медиатұтыну мүлде басқаша сипат алды. Ең бастысы – жаңа медиада өзін суда жүзген балықтай сезінетін буын пайда болды. Көпшілік оларды тұңғыш цифрлық буын деп атайды. Осы өскелең ұрпақ дәстүрлі және жаңа медиа арасында таңдау жасамайды. Оларды өздеріне қолайлы жағынан пайдаланады. Таңертең

теледидардан сүйікті мультфильмдерін қызықтаса, күндіз смартфон немесе планшеттен тамашалайды» деді ол.

Оның пікірінше, цифрлық дүние реттеуге, ал оны пайдаланушылар сан қилы киберқатерден қорғауға мұқтаж емес дегенді білдірмейді. Оны мемлекеттік реттеу ақылға қонымды және жауапты болуы қажет деген сөз. Жаңа цифрлық әлем тек даму мүмкіндігін ғана беріп қоймайды. Екінші жақтан коммуникациялық технологиялардың қатері талқыланбайтын ел жоқ әлемде.

Д. Назарбаева «Интернет, әлеуметтік желілер және өзге де коммуникациялық сервистердің қарқынды дамуы кәдуілгі жүйені күрт өзгертті. Девайстар мен гаджеттердің салыстырмалы қолжетімділігі медиа оқиғаларына жүздеген миллион адамның тікелей қатысуына мүмкіндік берді. Желі авторлары – блогерлер пайда болды. Олардың кейбірі танымалдық жағынан дәстүрлі басылымдардың көрнекті журналистерімен бәсеке түсуде. Өз кезегінде басылымдардың таралымы азайды. Телевизияның бұрынғыдай үстемдігі жоқ. Өйткені смартфон бар кез келген адам өзі репортаж жасап, тіпті деректі фильм түсіре алады. 2005 жылы пайда болған ауқымды You Tube видеохостингі авторлардың ұжымдық студиясына айналды. Мұнда олар өз бағдарламасын, видеоблогын, сюжетін орналастырып, миллиондардың аудиториясына ұсынады» деп санайды.

Оның пікірінше, тежеусіз ақпарат ағыны түрлі проблема туғызады. Сондықтан технологиялық жаңалықты пайдаланғанда жауапкершілік танытқан жөн.

«Медианы жедел модернизациялау, цифрландыру өзімен бірге түрлі түйткілдерді де алға тартты. Интернет кеңістігіне оп-оңай кіру өзін танытқысы келетін дарынды адамдарға ғана емес, небір авантюристерге, қылмыскерлерге, түрлі насихатшыларға, терроризм теоретиктері мен практиктеріне, араздық пен өшпенділікке шақыратындарға да жол ашты. Өлгі тролль деп аталатын ақпарат соғысының көзге көрінбейтін жауынгерлері, сондай-ақ жалған жаңалық

- фейк жасайтындар қып-қызыл бәлеге айналды. Мойындаған жөн, бұлардың қасында таблоидке тәуір дүние сияқты болып көрінеді» дейді ол.

Соңғы он бес жылда халықаралық ахуал ушығып кетті. «Қырғиқабақ» соғыстың белгілері кейде нағыз ұрыс қимылдарынан хабар беретіндей боп көрінеді. Мемлекеттер басшыларының сөз ауаны да өзгерді. Мұның бәрі медиада көрініс таппай қоймайды.

«Мен суреттеген картина тым аянышты болып көрінуі де ықтимал. Бәлкім, солай шығар. Онда ол осы Форумда сөз сайысы, жоққа шығару мен пікірталас тақырыбына айналсын. Меніңше, біздің Форумның өткен 15 жылдағы басты жетістігі де сол – шынайы да әділ, сонымен қатар жалған саяси ұстамдылыққа жанаспайтын жайсыз пікір білдіру мүмкіндігі болып табылады.

Мен сіздерді осыған шақырамын, құрметті достар, әріптестер, 15-ші Еуразия Медиа Форумының қонақтары!» деді Д. Назарбаева.

Еуразия Медиа форумының сресми сайты – <http://eamedia.org/ru/>